

«Армантай» бөбекжай бақшасының
негізгі жұмыстары бойынша 25.08 2021 жылғы № 21 Бұйрығы.

«Компания Армантай» бөбекжай бақшасының
қызметкерлерінің «Балалар өмірін
қорғау және денсаулығын сақтау»
туралы нұсқауды орындау жөніндегі
жауапкершіліктері туралы»

Қазақстан Республикасының Білім беру, мәдениет және денсаулық сақтау Министрілігінің
1998 жылғы 13 қаңтардағы № 14 «Мектеп жасына дейінгі мекемелердегі балалар өмірін қорғау
және денсаулығын сақтау туралы Нұсқауын бекіту туралы» бұйрығын орындау мақсатында
және «Армантай» бөбекжай бақшасындағы балалар өмірін қорғау және денсаулығын сақтау
жұмысын жақсарту мақсатында

Бұйырамын:

1. Балабақшаның барлық қызметкерлеріне «Мектеп жасына дейінгі мекемелердегі балалар өмірін қорғау және денсаулығын сақтау туралы Нұсқауын» қатаң орныдауды.
2. Балабақшаның барлық қызметкерлеріне кезектен тыс балалар өмірін қорғау және денсаулығын сақтау туралы нұсқаудан өту.
3. Өрт сөндіру қызметін, жедел жәрдем қызметін, балабақшаға қызмет көрсететін жергілікті балалар емханасының, төтенше жағдай бөлімінің, балабақша меңгерушісінің, шаруашылық меңгерушісінің және дәрігерді шақырудың барлық көрнекілерін қамтымасыз ету.
4. Дәрігер мен медбикеге күнделікті келген және келмей қалған балалар туралы меңгерушіге мәлімет беріп тұру, келмей қалған балалар жөнінде себебін анықтап, мағлұмат беру.
5. Балабақшаға кіретін есіктерді қоңыраулармен қамтымасыз етіп, бала бойы жетпейтін жерде жылдам – жеңіл ашылатын тиек жасаттыру.
6. Балабақша есігін ашық тастауға тиым салу, есіктің кодын бөтен адамдардан сақтау.
7. Балалар бақша ішінде болған кезде қосалқы шығатын есік тиектерін ішінен жеңіл- жылдам ашылуын қамтымасыз ету. Көшіру (эвакуационные) есіктерін, баспалдақ бөліктері (лестничные клетки), дәліздерді (тамбуры), әрқашанда бос ұстау, заттармен үймелеп қоймау.
8. Тәрбиешілерге, педагогикалық қызметкерлерге, балаларға қызмет көрсететін персонал балалармен күн кестесі бойынша барлық жұмыстар кезінде, балалар бөлме ішінде, балабақша ауласында жүрген кездегі, сонымен қатар сабақта техникалық оқу құралдарын (эпидиаскоп, теледидар, компьютер, күйтабақойнатқыш т.б.) пайдаланған уақытта жарақаттанып қалмауды және бала өмірі қауіпсіздігіне басты назар аудару.
9. Балабақшадан өз еркімен кетіп қалған кезде тәрбиеші дереу оны іздеу салу жұмысын ұйымдастырады, әкімшілікке хабар беріп, әкімшілік өз тарабынан жақын арадағы милиция бөлімшесіне, ата-аналарына хабарлайды.
10. Балаларды үйіне жалғыз жіберуге, бөтен адамдарға беруге, мас адамдарға беруге, жас өспірімдерге беруге қатаң тиым салынады.

11. Тәрбиешілер ата-аналармен алдына ала баланы бақшадан алатын кісілер туралы келіседі. Гувернантка немесе жүргізушілер алатын болса, олардың жеке басының куәлігі мен ата-аналардың қолхатын талап ету қажет.
12. Дәрігермен мед бикеге екпе жұмысының қажеттігін көрестетін нормативті құжаттарға сәйкес ата-аналармен бірлесіп, педиатриалық қызметтерге алдын ала екпе жұмыстарын жүргізуге бірлесіп әрекет жасау. Екпе жасайтын күндерді меңгерушіге, ата-аналарға айту.
13. Шаруашылық меңгерушісіне балабақша қақпасының ашық қалмауын есінде сақтау!
14. Балабақша қызметкерлерінің өрт қауіпсіздігін ережесін, сейсмоқауіпсіздігі туралы білімдерін күшейтіп, өрт сөндірудің алғашқы құралдарын пайдалана білулерін, балалар қауіпсіздігі бойынша өз функцияналдық міндеттерін білуді күшейту.
15. Балабақша ішінде және ауласында шылым шегуге мүлдем тиым салу.
16. Шаруашылық меңгерушісіне балабақша ғимаратының, ауласының өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету.
17. Шаруашылық меңгерушісіне су құбырының, канализация, жылу және электржабдықтау жүйесінің әрқашан дұрыс істеп тұруын қадағалау. Айына бір рет учаскелерді, ғимарат ішін, коммуникацияларды алдын ала қарап тұру, бұзылған заттарды уақытында жөндеп, жөнделген заттар жөнінде басшыға жеткізіп тұру.
18. Ауа температурасын және ылғалдығын, күн жарығын, электр жарығын балабақшаның ішінде түгел - әрқашан тексеріп тұру.
19. Гүл салған кашполарды басқыштарда, киім шешетін жерде, туалеттерде ілуге қатаң тиым салынады.
21. Бала бойы жететін жерге күршек немесе шеге қағуға тиым салынады, бала бақша ішін көркемдеуде кнопкалар, бекітпелер(скрепка), инелер т.б. үшкір заттар пайдалануға тиым салынады.
22. Дәрігерге мен медбикеге топтарда жуатын, залалсыздандыратын заттардың пайдалану және сақталуын қатаң тексеріп отыру қажет. Жинайтын құралдармен, залалсыздандырғыш, жуғыш, медициналық құралдар және аппараттар, дәрі-дәрмектер, сонымен қатар вакциналар, инелер термометрлер, түйреуіштер тағы басқа үшкір заттарды бала қолы жетпейтін жерде ұстау. Қайшылар үшін мұқыр болу керек, ас пышақтары қайралмаған сонымен қатар балалар бұл заттармен, қол еңбек құралдарымен тек тәрбиеші басшысымен ғана пайдалана алады.
23. Гүлзарлар төңерегіне кірпіштен бөгет жасамау, балабақша ауласында, учаскелерде балалар өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Балабақша ауласында улы, тікенек өсімдіктер, ағаштар отырғызбау.
24. Аулашыға бүкіл балабақша ауласын, балалар серуендейтін учаскелерді тазалықта ұстау, сынған шыны, әйнектердің болмауы, шығып тұрған шегелердің, сымдар, т.б. заттардың болмауы. Ағаштар мен бұталар арасында қураған бұтақтар болмауы. Қыс уақытында жолдарды, басқыштарды қардан, мұздан тазартып тұру, құм сеуіп қою. Аққан мұздарды уақытында қағып тастау оларды болдырмау амалын жасау.
25. Аулашы мен шаруашылық меңгерушісіне балабақша ауласына кіретін автокөлікті кіргізіп, шығарып салу жұмысын қамтамасыз ету.
26. Тәрбиешілерге балалармен аулаға шығар алдында учаскені алдына ала тексеріп, сыртқы есіктің жабық екендігін, шаруашылық ауласының бала өміріне қауіпсіздігін қарап шығу.
27. Тәрбиешіге серуенді ұйымдастырмастан бұрын, әр баланың аяқ киімін, бас киімін түгелден шығу керек. Серуенге, экскурсияға бара жатқанда тәрбиеші өзімен алып бара жатқан бала санын жатқа білуі керек. Белгілі себептермен топта қалған балалар туралы меңгерушіге мәлімдеу. Қалған балалар қызметкер қаруында қалады.

28. Серуенді ұйымдастырған кезде балалардың учаскеден кетпеуін қадағалау. Серуен кезінде бала санын тексеріп тұруға міндетті. Серуеннен топқа қайтқан кезде балалар санын түгелдеп шығу.
29. Серуенге алыс жерге шығатын болса, топты екі үлкен адам алып жүреді. Біреуі алдында, екіншісі артында. Алыс серуен маршрутын әкімшілікпен келісу керек.
30. Жолдан өтер кезде қозғалысы үлкен көшелерден, трамвай, темір жолы бар жерлерден аулақ болған жөн.
31. Серуен кезінде балалар улы заттар, саңырауқұлақтар жеп қоймай, бөтен заттарды ауыздарына салмауын қарау.
32. Күн ыстық уақытта бала төбесінен күн өтіп кетпеуін байқап, бас киімсіз алып шықпау. Күн ванналарын тек дәрігер, медбике бакылаумен ұйымдастыру.
33. Дәрігерге, медбикеге балалар тағамын ұйымдастыруды, тамақ сапасын, шикізат, тамақтардың сақталуын және жаратылуын, ет тағамдарына ветеринарлық куәлік, басқа барлық тағам түрлеріне сертификаттар талап ету, тамақ тасушыларға таситын көлікке санитарлық паспорттарын талап ету.
34. Ас үй қызметкерлеріне шикізатты технологиялық жарату ережелері сақтап тамақ жасау ережелерін орындап, шикі тағамдармен жұмыс істеген кезде, санитарлық талаптарды орындау.
35. Дәрігер мен медбикеге күнделікті ас үйге беретін тағам сапасын, дұрыс сақталып, уақытында жаратылуын тексеріп тұруды міндеттеу. Балаларға даяр тамақ беру - тек сапасын тексергеннен соң және арнаулы бракераждық журналға медицина қызметкері жазу кіргізгеннен кейін ғана берілу керек.
36. Асханада істейтін тәрбиешілер көмекшілеріне балалар бар жерде ыстық тамақ әкелуге тиым салу, балаларға ыстық тамақ бергенде балалар қауіпсіздігін қамтымасыз ету, кезекші балаларды байқау, ас үйден тамақ алуға кезекші - балаларды апармау.
37. Қазақстан Республикасының мемлекеттік санитарлық Бас дәрігерінің 1 тамыз 2002 ж санитарлық ережелер мен нормалары туралы бекіткен № 32 бұйрығы - Әділет Минстрлігінде 2002 жылы 30 қыркүйекте тіркелген № 1989 «Жылдам бұзылып кететін тағамдарды сақтау және жаратуға қойылатын санитарлық талаптар ережесіне» сәйкес балалар туған күн мейрамдарында, мерекелерде балаларға соғылған кремнен жасаған, қаймақты-йогуртты кондитерлік тағамдар силауға тиым салынады.
38. Балалардың дене тәрбиесі жұмыстарын онан әрі жетілдіруді жалғастыру, балалардың жеке басының денсаулық ерекшелігін еске ала отырып, балалардың кимыл – қозғалыс әректін бакылап отыру.
39. Дәрігер мен медбикеге шынықтыру шараларын өткізуді қатаң тексеру. Тәрбиешілерге шынықтыру шараларын өткізген кезде балалар қауіпсіздігін қамтымасыз ету.
40. Әдіскерге, тәрбиешілерге балалар бойында мәдени – тазалық әдеттерін қалыптастыруды қатаң тексеру.
41. Барлық жас топтарында тазалық процедуралары үшін әр балаға 6 салфеткадан кем пайдаланбаған жөн.
42. Тәрбиеші көмекшілеріне, күтуші-санитаркаларға унитаз бен горшоктарды жуған кезде қолға арналған жеке қорғаныс заттарын пайдалану.
43. Шаруашылық меңгерушісі мен тігіншіге қызметкерлерді арнаулы киім мен қолға арналған жеке қорғаныс заттарымен қамтымасыз ету. (синтетикалық қолқаптар)

44. Кір жуушыға төсек орнын сапалы жууды қамтымасыз ету, төсек – орын заттарын ауыстыру кестесін қатаң сақтау. Карантин кезінде төсек- орын залалсыздандыру ережелерін қатаң сақтау.
45. Тәрбиешілерге бала ұйқысын дұрыс ұйымдастыру. Балалар ұйықтап жатқан кезде ұйқы бөлмесінде болу. Ұйқы кезінде балаларды үлкендер карауынсыз тастап кетпеу.
46. Балалар сабақ кестесі бойынша оқу кабинеттеріне, басқыштарда ауысқан кезде тәрбиешілерге, қосымша сабақ ұстаздарына, мамандарға бала қауіпсіздігін қамтымасыз ету.
47. Барлық қызметкерлерге екінші қабат терезелерін ашуға рұқсат етілмейді, тек фрамугаларды пайдалану керек.
48. Осы бұйрықты әр қызметкерге жеке басының қол қоюымен жеткізу.

Бұйрықпен таныстым:

№	Аты-жөні	лауазымы	КОЛЫ
1.	Усебова Л.	Менеджер	[Signature]
2.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
3.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
4.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
5.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
6.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
7.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
8.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
9.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
10.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
11.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
12.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
13.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
14.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
15.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
16.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
17.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
18.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
19.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
20.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
21.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
22.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
23.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
24.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
25.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
26.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
27.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
28.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
29.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
30.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
31.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
32.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
33.	Султанов А.	Менеджер	[Signature]
34.			
35.			
36.			
37.			
38.			

Балабакша меңгерушісі

Л.Р.Усебова